

Сөзіммен халқым амал қылсын десең, амал қыл өз сөзіңмен әуел өзің!

Мәшһүр Жүсіп

Баянауыл аудандық қоғамдық-саяси газеті

Баянтау



Газет 1931 жылғы
4 қыркүйектен шыға
бастады

№37 (11502) 18 қыркүйек, 2025 жыл

АПТА ЖАҢАЛЫҒЫ

МӘШҲҮР ЖҮСІП МУЗЕЙІНДЕ ЖАҢА МӘЖІЛІС ЗАЛЫ АШЫЛДЫ

Өткен аптада қасиетті мекенде ауданы 220 шаршы метрден асатын жаңа мәжіліс залының тұсауы кесілді. Салтанатты ашылу рәсіміне облыс әкімі Асайын Байханов қатысты. Ғалымдар мен қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар мен тарихшылар, мәдениет майталмандары бас қосты. Әсіресе, Мәшһүр бабаның ұрпақтары қатысып, жылы лебіздерін білдірді.



Жиын аясында өткен «Мәшһүр Жүсіп және ұрпақ тәрбиесі» атты дөңгелек үстелде ойшылдың тағылымды мұрасы, оның жастарға берер өнегесі жан-жақты талқыланды. Әңгіме барысында ұлттық сана, рухани құндылық пен қазіргі заман тәрбиесінің мәселелері сөз болып, көпшілікке ой салды. Жиналғандар алдында ұлы ойшылдың немересі Қажымұқан Пазылов, Павлодар облысы және Ертіс, Баянауыл аудандарының Құрметті азаматы Қорабай Шәкіров, мәшһүртанушы Айтмұхамбет Тұрышев және Қазақстан Жазушылар одағының Павлодар облыстық филиалының төрағасы Серік Елікбай сөз сөйлеп, баба мұрасының мән-маңызына тоқталды.

Жаңа мәжіліс залы – заманауи талапқа сай жабдықталған кеңістік. Мұнда қырық орындық, үлкен LED экран, әр қатысушыға жеке микрофон, сондай-ақ ноутбуктар қарастырылған. Зал ғылыми конференциялар, дәрістер, мәдени-ағарту іс-шараларын өткізуге арналып, халықаралық деңгейдегі басқосуларға толық сәйкес келеді.

– Бұл Мәшһүр Жүсіптің рухани мұрасын насихаттауға жаңа серпін береді, – деді академик Қаныш Сәтбаев мемориалды музейінің басшысы Қайырғелді Абылғазин.

Айта кетерлігі, жаңа зал облыс әкімінің бастамасымен қолға алынып, жеке кәсіпкердің де-меушілігі арқасында шамамен 100 миллион теңгеге салынған.

Мерейім ҚАЙРАТ



ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ

СҰЛУЖОН ТҰРҒЫНДАРЫ ДӘН РИЗА

Әкімдікте аудан әкімі Ардақ Ксентаев азаматтардың жеке қабылдауын жүргізді. Қабылдауға Сұлужон ауылынан келген тұрғындар биыл облыс әкімінің қолдауымен ауылға апаратын аудандық маңызы бар жол жөнделгеніне және сапалы ауызсумен қамтылғанына ризашылықтарын білдірді. Сонымен қатар, халық Екібастұзға дейінгі автожолды жөндеуді сұрады. Азаматтарға алдымен ауданға тиесілі учаскені заңдастыру қажеттігі түсіндірілді, содан кейін ғана тиісті жұмыстар жоспарланатыны айтылды. Ауыр жүк көліктерінің қозғалысы жолға зиян келтіретініне алаңдаған тұрғындардың өтініші бойынша аудандық полиция бөлімінің басшысына арнайы рейд жүргізу тапсырылды.

Майқайың кентінің әкіміне ауыл ішіне жарық бағандарын орнату, футбол алаңын салу, балалар алаңы мен балабақшаны жөндеу бойынша жоба дайындау міндеттелді. Ауылдың өзекті мәселелерінің бірі – медбикенің жоқтығы. Қазір Сұлужонға Майқайың кентінен бекітілген кесте бойынша медбике барып жүр. Аудандық аурухана басшысына кестені қайта қарап, бару жиілігін арттыру тапсырылды. Ұялы байланыс бағанын орнату мәселесі келер жылы қаралатын болды.

Өз тілшімізден

МҮШӘЙРА

«ТОЛҒАУЫ ТОҚСАН ҚЫЗЫЛ ТІЛ»

Қазақстан халқы тілдері күніне орай Баянауыл ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен оқушылар арасында дәстүрлі «Толғауы тоқсан қызыл тіл» атты аудандық жас ақындар мүшәйрасы өтті. Шараның басты мақсаты – мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, тіл мәдениетін көтеру, көркем әдебиетті насихаттау және талапты, талантты жас өрендерді анықтап, қолдау. Мүшәйра ережесіне сәйкес, қатысушылар алдымен берілген тақырыпқа өлең жазды. Ал, екінші кезеңде қазақ руханиятының алып тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлының бір өлеңін жатқа, мәнерлеп оқыды.



Байқауға аудан мектептерінің 7-11 сынып оқушылары қатысып, өлең өнеріндегі шеберлігін, тапқырлығы мен тіл тазалығына деген жауапкершілігін көрсетті. Қазылар алқасы жас ақындардың шығармашылық деңгейін, ой тереңдігі мен табиғи дарынын бағалай отырып, үздіктерді анықтады. Нәтижесінде бас жүлдені Жаяу

Мұса атындағы Баянауыл балалар өнер мектебі ақындар сыныбының оқушысы Мәуіт Нұрақымет иеленді. Бірінші орын Ш.Айманов атындағы ЖОББМ-нің 10-сынып оқушысы Асылдай Қанатоваға, екінші орын аталмыш мектеп-интернатының 10-сынып оқушысы Бекарыс Қайратқа берілді. Үшінші орындарды З.Ақышев атындағы ЖОББМ-нің

7-сынып оқушысы Имран Заркеш пен Ш.Айманов атындағы ЖОББМ-нің 7-сынып оқушысы Сұңғат Нұртай өзара бөлісті. Жүлдегерлер арнайы дипломдармен және сыйлықтармен марапатталды.

Айта кетейік, жас ақындар жазған өлеңдерінде ана тіліміздің қадір-қасиеті, елдік пен ұлттық намыс мәселелері көңінен жырға қосылды.

«Тілім менің – тірлігімнің айғағы» атты өлеңінде Асылдай Қанатова тіл тағдырын ұлт тағдырымен сабақтастырып, қазақ тілінің болашағына алаңдаушылығын білдірсе, бас жүлде иегері Мәуіт Нұрақымет «Тіл – құдірет» атты туындысында ана тілін ұлттың рухани тірегі, арқауы ретінде жырлады.

Мерейім ЖАСҰЛАНҚЫЗЫ

ХАТ ҚОРЖЫНЫ

АТАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ СӨЗ

Өткен жұма күні 5 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдері мерекесіне орай Егіндібұлақ ауылдық клубы қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Қалмұқан Исабаев атындағы орталық аудандық кітапханада ауылдық мәдениет үйлері мен ауылдық клуб қызметкерлерінің арасында «Алтын қақпа» атты аудандық сайыс ұйымдастырылды.

Қатысушылар мақал-мәтел айтып жарысудан, Оралхан Бөкейдің «Атау кере» атты кітабын жылдамдыққа оқудан, LED экранда көрсетілген суреттерде жасырылған мақал-мәтелдерді табудан сынға түсті. Қызықты да тартысты өтіп, үш бөлімнен құралған сайысқа Баянауыл ауданы ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Бауыржан Адамбеков, С.Торайғыров атындағы мәдени-сауық орталығының әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Жанар Майкенова және Егіндібұлақ ауылдық клубының әдіскері Дәулет Мәжит қазылық етті. Сайыс нәтижесінде бас жүлдені Құндыкөл ауылдық МҮ-нің мәдени ұйымдастырушысы Ерқанат Әтей жеңіп алды. I орын Жаңатілек ауылдық МҮ-нің мәдени ұйымдастырушысы Нұрхат Таласпаевтың қанжығасына байланды. II орынды Ұзынбұлақ ауылдық МҮ-нің мәдени ұйымдастырушысы Арайлым Ақылбекова



иеленді. III орынды екі қатысушы өзара бөлісті. Олар: Ақсаң ауылдық МҮ-нің мәдени ұйымдастырушысы Баян Көбешова және Торайғыр ауылдық МҮ-нің әдіскері Альфия Ақтай. Сонымен қатар «Көрермен көзайымы» номинациясымен Күркелі ауылдық МҮ-нің әдіскері Нұрдаулет Айтбаев марапатталды. Жүлдегерлер дипломдармен, 15000-40000 теңге арасындағы ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Қалған қатысушыларға да Алғыс хаттар мен ақшалай сыйлықтар сертификаттары табыс етілді. Алдағы уақыттарда осындай шараларды бұдан да ауқымды қылып өткізу жоспарда бар.

Ералы Әбен,
Егіндібұлақ ауылдық клубының
мәдени ұйымдастырушысы



МӘДЕНИЕТ – ҰЛТ АЙНАСЫ

Биылғы жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына – 30 жыл. Осыған орай Торайғыр ауылдық мәдениет үйі мен кітапхана ұжымының ұйымдастыруымен «Ұлттық мәдениет – халық қазынасы» атты әдеби-сазды кеш өткізілді.

Іс-шараға қатысушылар әрбір ұлттар мен ұлыстардың салт-дәстүрі мен өнерін, тілі мен мәдениетін паш ететін көріністерді бейнелей отырып, өз өнерлерін ортаға салды. Қазақ халқының сан ғасырлық салт-дәстүрі, мәдениеті жайлы Торайғыр ауылдық кітапханасының қызметкері

Алмагүл Сабихоллақызы әңгімелей отырып, «Ұлттық мәдениет – қоғамның ажырамас бөлігі» атты кітап көрмесіне шолу жасады. Әр елдің, әрбір ұлттың өзіне тән ерекшеліктері жайлы Гүлжан Есмағамбетова, Жасыбай Солтанбаев, Ақжаңыл Ибраева, Бекболат Саменов тағы басқалары айтып өтті. Гүлжан Есмағамбетова мен Бәтима Шарипова «Қамажай» биін нақышына келтіре орындап кештің ажарын аша түсті. Оқырмандар викториналық сұрақтарға жауап бере отырып, аталмыш іс-шараға белсене атсалысты.

Бағзат Нұртайқызы,
Торайғыр ауылы

Павлодар облысы, Баянауыл ауданының босалқы жер қорынан шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

Лот №	Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы	Көлемі, га					Жалға беру мерзімі жыл	Жер телімінің орналасқан жері
		Барлығы	Жайылым	Түбегейлі жақсартылған жайылым	Суармалы емес егістік	Басқа алқаптар		
1	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-10	325,5	295,3		30	0,2	20	Аксан ауылдық округінің аумағы -12 км
2	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-12	616,2373	614,2373			2,0	20	Қаратомар ауылдық округінің аумағы -4 км
3	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-11	58,5	58,5				20	Құндыкөл ауылдық округінің аумағы -7,3 км
4	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-11	75,7	73,2			2,5	20	Құндыкөл ауылдық округінің аумағы -10 км
5	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-11	51,0	50,9			0,1	20	Құндыкөл ауылдық округінің аумағы -10 км
6	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-11	263,9	262,9			1	20	Құндыкөл ауылдық округінің аумағы -30 км
7	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-10	53,6	53,0			0,6	20	Күркелі ауылдық округінің аумағы -20 км
8	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-8	1251,9	1247,9			4,0	20	Қызылтау ауылдық округінің аумағы -25 км
9	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-8	224,9	198,7			26,2	20	Қызылтау ауылдық округінің аумағы -8 км
10	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-8	1037,5	1035,7			1,8	20	Қызылтау ауылдық округінің аумағы -25 км
11	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-8	115,15	112,45			2,7	20	Қызылтау ауылдық округінің аумағы -15 км
12	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-8	587,6010	585,0010			2,6	20	Қызылтау ауылдық округінің аумағы -15 км
13	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-8	255,8959	255,0000			0,8959	20	Қызылтау ауылдық округінің аумағы -17 км
14	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-8	1503,5	1159,4	340,9		3,2	20	Қызылтау ауылдық округінің аумағы -16 км
15	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-9,0	130,9	129,9			1	20	Сәтбаев ауылдық округінің аумағы -30 км
16	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-12,0	2008,98	2006,28			2,7	20	Ұзынбұлақ ауылдық округінің аумағы -11 км
17	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-12,0	1502,8	1497,8			5,0	20	Ұзынбұлақ ауылдық округінің аумағы -21 км
18	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-10,0	340,8	340			0,8	20	Жаңажол ауылдық округінің аумағы -8 км
19	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-10,0	1018,3299	1012,5299			5,8	20	Жаңажол ауылдық округінің аумағы -6 км
	Барлығы	11422,69	10988,7	340,9	30	63,0959		

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар беріледі:

- 1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
- 2) конкурстық ұсыныс;

Конкурсты өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң (18.09.2025-17.10.2025жж.) конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдауды бастайды.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде (20.10.2025-10.11.2025 жж.) мына мекенжай бойынша: Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылы, Қ.Сәтбаев көшесі, 49 үй, (тел: 8-718-40-9-28-91) жүзеге асырылады.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінім қағаз тасығышта қолма-қол не почта арқылы немесе «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанға дейін беріледі.

11. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімде Жер кодексінің 43-1-бабының 9-тармағында көрсетілген мәліметтер қамтылуы тиіс.

12. Аквашаруашылықты жүргізу үшін жер учаскесін беруді қоспағанда, конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бекітілген Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылады.

12-1. Аквашаруашылықты жүргізу үшін конкурстық ұсыныста (бұдан әрі – конкурстық ұсыныс):

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, аквашаруашылық объектілерін өсіру көлемі, тиісті инфрақұрылымның және аквашаруашылықты жүргізуге арналған жабдықтардың, аквашаруашылық саласындағы білікті мамандардың біліктілігі, ашылатын жұмыс орындарының санының болуы);

2) Қазақстан Республикасы жер заңнамасының және Қазақстан Республикасының аквашаруашылық саласындағы заңнама-сының талаптарын орындау бойынша міндеттемелер қамтылады.

12-2. Өтінім беруші конкурстық ұсыныста ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

13. Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

14. Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

15. Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және _____ жылғы «_____» дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

16. Жер кодексінің 43-1-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін конкурсқа қатысуға арналған өтінімнен бас тартылады. Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2025 жылғы 11 қарашада сағат 11:00-де мына мекен-жайда ашылады: Павлодар облысы Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылы, Қ.Сәтбаев көшесі 45 үйдің мәжіліс залында.

22-1. Осы ауданда, қалада, ауылда, кентте кемінде 5 жыл тұратын адамдарға олардың конкурстық ұсыныстарына қосымша 10 балл беру түрінде артықшылық беріледі. Ауыл шаруашылығы кооперативтеріне олардың конкурстық ұсыныстарына қосымша 5 балл беру түрінде артықшылық беріледі.

«Баянауыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ

ЖОЛДАУ – ЕЛ ЕРТЕҢІНІҢ БАҒДАРЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым Жомарт Тоқаевтың «Жасанды Интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы қоғамда қызу талқылануда. Мемлекет басшысының биылғы Жолдауы еліміздің цифрлық қоғамға көшуі арқылы қиындықтарды жеңудің алгоритмін көрсетуімен ерекшеленеді. Осыған орай біз бір топ оқырмандар арасында сұқбаттасып, өз ой-пікірлерін ортаға салуларын өтінген едік.

Баян Диханқызы, Ақсаң ауылдық мәдениет үйінің қызметкері:



– Биылғы жылғы Жолдауында Мемлекет басшысы жасанды интеллект дәуіріндегі мәдениет пен өнердің, бұқаралық спорттың дамуына ерекше мән беріп отырғаны қуантады. «Өнер адамдары еліміздің мәдениетін, салт-дәстүрін шетелге паш етіп жатыр. Бұл – құрметке лайық жұмыс. Сондықтан мәдениет қайраткерлеріне қажетті қолдауды көрсетеміз» деп айтуының өзі мәдениет саласында қызмет атқарып жүрген жандарға зор жауапкершілік артып отыр. Сондай-ақ бұқаралық спортты дамытуға ерекше мән беруі қуанарлық жайт. Сондай-ақ Президент өз Жолдауында көппалаталы Парламент құру туралы бастама көтеруі тың идея деп айтар едік. Осынау реформаны жан-жақты зерттеп зерделеп, талқылап, 2027 жылы жалпыұлттық референдум өткізу керектігіне тоқталды. Осынау тың бастама жұртшылық тарапынан қолдауға ие болатынына сенеміз.

Ринат Ильдин, аудандық «Жастар» орталығының басшысы:



– Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы Жолдауында «Заң және тәртіп» – мемлекетіміздің мызғымас тұғыры» деп атап өтті. Бүгінгі қоғамдағы ең маңызды құндылықтардың бірі саналатын заң мен тәртіпті сақтау және осы бағытта жастарды тәрбиелеу. Осы бағытта жастарды заң мен тәртіпке тәрбиелеудің жолдарын нығайту, білім беру жүйесінде құқықтық тәрбие сағаттарын, дебаттар мен тренингтер өткізу. Қоғамдық бастамаларда жастарды волонтерлікке, құқық бұзушылықтың алдын алу шараларына тарту. Әрбір жас заңды құрметтеп, өз өмірін тәртіппен жүргізсе ғана қоғамымызда әділдік орнайды.

«Болашағы жарқын Баянауыл жастары» – ауданымыздың абыройын асқатату жолында жоғарғы нәтижелер көрсетіп, еліміздің өркендеу жолында бар күш-жігерлерін жұмсауда. Еліне жанашыр білікті де, білімді жастарымыз көп болсын!

Алмагүл Қожабергенова, Торайғыр ауылдық кітапханасының кітапханашысы:



– Мемлекет басшысының дәстүрлі Жолдауында заң және тәртіпті берік орнықтыру үшін құқық бұзушылыққа жол бермеу, кез келген заңсыз әрекеттерге жол берілмеу керектігі басты назарға алынды. Қазіргі таңда елімізде белең алып кеткен зорлық-зомбылық, қоғамдық ортада дөрекілік, төбелес шығару сияқты қоғамға жат құбылыстар белең алып бара жатқаны жасырын емес. Өкінішке қарай, қоғамдық тәртіпті бұзушылардың арасында әйел адамдардың көбейіп бара жатқанына Президент алаңдаушылық білдіріп отыр. «Мәдениет пен әдеп, тәрбие мен тәлім, әрбір азаматтың, әрбір отбасының өзінен басталуы қажет. Қазіргі бұлыңғыр заманда ең басты міндет – еліміздің егемендігін, жеріміздің тұтастығын нығайту. Ол үшін бірлігіміз бекем болу керек» дей келе, Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды ел тыныштығын сақтауға, татулыққа шақырады.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым Жомарт Тоқаевтың қазақстандықтарға арнаған дәстүрлі Жолдауында атап көрсеткеніндей саяси реформалар мемлекетіміздің конституционалды жүйесінің маңызды бөлігіне айналмақ. Ашық сындарлы саясат жүргізе отырып, елімізді әділетті, қуатты мықты елге айналдыру қажеттілігі күн тәртібіндегі өзекті мәселе екені ақиқат.

Әсет Тұмайкенов, «Майқайыңалтын» кен орнының жұмысшысы:



– Президент өз Жолдауында елімізде жұмысшы күшінің жетіспейтіндігіне баса назар аударды. Жастардың басым бөлігі жеңіл табыс табуды, қаражатты қиналмай табуды көксейді. Бұл – шындық. Әсіресе жастардың көпшілігі жеңіл пайда табумен айналысуға құштар.

Қолдарына күрек алып көше сыпыруға арланады. Қалалы жерде завод, фабрикаларда жұмысшы күші жетіспей жатады. Өз басым жастайымнан адал еңбекке тәрбиелеген ата-анама ризамын. Қазіргі таңда «Майқайыңалтын» жер асты шахтасында көп жылдардан бері еңбек етіп келемін. Көңшілердің дені жастарды құрайды. Қуанарлығы, жұмыс өте қауіпті, жауапты болса да жастар осы жерге жұмыс істеуге келіп жатады. Биылғы жылды Президентіміз «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауының өзі өндіріс ошақтарына жастардың көптеп баруына игі ықпалын тигізеді даусыз. Президентіміздің «Жұмысшы мамандықтарына деген құрметті арттыра түсуіміз керек. Оларға лайықты жалақы төлеу қажет. Бұл – мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі міндеттің бірі» деп атап өтуі көңілімізден шықты.

Төрмұрат Масығапов, Майқайың кентінің тұрғыны:



– Қыркүйек айының алғашқы күндерінде Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың дәстүрлі Жолдауын теледидардан көріп тыңдадық. Жолдаудың тақырыбы айтып тұрғандай, бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі – цифрлық қоғам құру. «Цифрлық активтердің толыққанды экожүйесін тезірек қалыптастырған жөн. Жаппай цифрландырудың, оның ішінде банк сапасын жақсарту керектігін Президент өз сөзінде атап айтты. «Бәсекеге қабілеттіліктің басты факторы цифрландыру екендігі құзырлы орындарға нақты тапсырмалар берілді» деп атап айтуының өзі биылғы Жолдаудың ерекшелігін танытқандай. Қазіргі заман – жаһандану заманы. Өскелең жас ұрпақ бақытты өмір сүру үшін реформалық жүйені сапалы жүргізу басты назарда болатыны біз үшін құптарлық жайт.

ТАҒЫЛЫМЫ ТЕРЕН, ТҰЛҒА

Бекен ұста Бірлік ауылының тарихында есімі ерекше құрметпен аталуы тиіс тұлғалардың бірі. Атамыздың өмір жолы – бүгінгі ұрпаққа үлгі. Бекен Мұқаев атамыз 1905 жылы Шақшан ауылдық кеңесіне қарасты Қарабие ауылында дүниеге келген. Өткен ғасырдың қилы кезеңдерін бастан кешкен, ашаршылықты да, жоқшылықты да өткерген атамыздың тағдыры заман толқынымен қатар қалыптасты. Бекен ұста жайлы жақын туысы марқұм Қайырхан Әйтімов ағамыздың көзі тірісінде айтқан естелігі бойынша білетінбіз. Бекен атаның әкесі Мұқай сөзге шешен, аузы дуалы ақылды да парасатты азамат болған. Мұқай ата заманында ұсталығымен және палуандығымен ел арасында атағы жайылған адуынды азамат атанған. Марқұм Қайырхан аға кезінде өз естелігінде былай деген еді:



– Қай жылдары екенін білмеймін, ел ағаларының айтуынша, атақты палуан Қажымұқан ел аралап жүргенде Мұқай ата оған «Кел, күресейік» деп қолқа салған екен. Сонда Қажымұқан: «Ей, Мұқай, мен жығылсам, жер көтереді, сіз абырой аларсыз. Күш атасын танымас, ел-жұрт алдында ұят болады, сүйегімізге дақ түседі», – деп тоқтатқан екен. Бекен он жастан асқанда Мұқай ұсталығын қоймақшы болады. Бірақ, осы мезетте Бекен қатты ауырып оны бақсы-балгерлерге көрсеткенде, солардың бірі «балаңның ешқандай ауруы жоқ, сен ұсталығыңды тастамауың керек», – деп кеңес береді.

Сөйтіп Бекен ұсталық өнерге осы кезден бастап араласа бастаған. Халқымызды апатқа ұшыратқан ашаршылық жылдары Бекен Мұқайұлы Қазанауызда, Егіндіде, Үш-төбеде жел және ат диірмендерін салып, бидай тартып жұртшылықты аштық құрсауынан құтқарған. Бекен ұсталық жұмысын шебер жүргізіп, ел арасында Бекен ұста атымен мәлім болады. Ұлы Отан соғысы жылдары Бекен Мұқайұлы ұсталығы үшін арнайы броньмен елде қалдырылады. Бекен ата үшін ұстахана қасиетті орын болып саналды. Ұстаханада бейсауат, балағат сөздер айтпайтын. Мінезі шапшаң атамыз от қыза бастағанда темірді төске салып ұрғанда темір қызып жүре береді екен. Қайырхан аға соғыс жылдары Бекен нағашысының қасында көмекші, көрікші ретінде жұмыс істеген. Ауылға қажетті шаруашылық саймандары, ат арбасы мен шанасы, қажетті бұйымдарының дәнекерлеу жұмыстары Бекен ұстаның шебер қолдарымен жасалды. Қайырхан аға нағашысы Бекен ұстадан көп нәрсе үйренгенін көзі тірісінде ұрпақтарына айтып отырған.

Жастайынан темірден түйін түйген Бекен ата ауылдың шаруашылық жұмыстарына қажетті шана,

трашпенке, шөп шабатын шалғы, қол орақ, күрек, қайла жасап жұртшылықтың сұраныстарын орындап, ел-жұрттың алғысына бөленген. Қашанда еңбек десе ерінбейтін шебер ұста атанған Бекен ата жайлы қызы Үміт апай былай деген-ді:

– Менің әкем заманында өз ісінің шебері атанған өте керемет адам болды. Ол кісінің ұсталық жұмысында пайдаланатын құрал-жабдықтары ерекше ұқыптылықпен жәшіктерге рет-ретімен сақталып, қажет болғанда алып қайта орнына жинап отыратын. Осы күндері өзім де шау тартып денсаулығым кеми бастаған кезде ойлаймын, «шіркін, әкемнің ұсталық құралдары қайда қалды екен» деп. Он бір баладан тірі қалғаны мен ғана екенмін. Затым қыз бала болған соң әкемнің ұсталық жұмысына қызықпаппын. Мынадай бір оқиға ойымнан кетпейді. Ол кезде мен кішкентай ғана баламын. Бір күні анам мені әкемді ас ішуге шақыруға жіберді. Әкем бір жұмысты бастаса соңына дейін аяқтамайтын шаруақор адам еді. Қыстың аязды күндері есік алдында асты жып-жылтыр болған, атқа жегілетін шананың әкем төңкеріп қойған екен. Мен күннің көзіне шағылысқан шананың жылтыр табанын қызығып жалаймын дегенде тілім темірге жабысты да қалды. Ойбайлауға шама жоқ. Әкем өйтіп-бүйтіп тілімді суық темірден ерең дегенде босатқанмен, тілімнің сырты алынып қалды. Сонда қатты жылағаным-ай. Кейін жылдар өте келе әкемнің ұсталық жұмысы елдің ықыласына бөленді. Соғыс жылдары жоғарғы жақ әкемнің ұсталық жұмысы елге өте қажет екендігін ескеріп, ол кісіні броньмен алып қалды. Сол бір қиыншылық жылдары әкем есік алдында ұсталық жұмысын қысы-жазы тоқтатпай жүргізіп колхозға қажетті бұйымдардың бәрін жасады. Өгізге жегілетін соқа дейсіз бе, шана дейсіз бе, арба, шалғының алуан түрлерін ерекше ықыласпен жасап,

ел игілігіне жаратты, – дейді Үміт Бекенқызы ерекше тебірене отырып.

Бекен ұстаның жұбайы Дәмелі Ақбергенова апа он қолынан өнер тамған ісмер ана болған. Ол кісінің шебер қолынан шыққан тымақтың алуан түрлері, ішіктер, шапан, әппақ жаулық, көйлек-көншектер ауылдықтардың сұранысына ие болып, көпшілігі Дәмелі апаға киім тіккізуге асығатын. Дәмелі апаның ісмер қолынан шыққан алаша, текеметтері, сырмақ, құрақ көрпелері ерекше әдемілігімен көз тартатын. Байыпты да байсалды Дәмелі ана да соғыстың атын атап жүретіндей бір игілікті істі қолына алған еді. Бірлік ауылының өсіп-өркендеуіне зор үлесін қосқан әкесінің ұсталық еңбегін ұмыттырмау мақсатында ұлы Ардақ Аманкелдіұлымен ақылдаса отырып, мешіт үйінің құрылысын қолға алған Үміт апай үлкен сауапты іс жасағанын атап айтқымыз келеді. «Көп түкірсе – көл» демекші, Үміт Бекенқызының бастамасы қызу қолдауға ие болып мешіт құрылысы аз уақытта аяқталып, 2003 жылы «Бекен ұста» атындағы имандылық үйі бой көтерді. 2018 жылы «Бекен ұста» мешітінің ашылғанына 15 жыл толуына орай ауыл болып үлкен мерекелік шара өткізді. Бұл күндері ауылдағы руханият ордасы болып отырған мешіт үйінде Аллаберген қажы Қожанов жергілікті халық арасында тәлім-тәрбиелік жұмыстарды жүйелі жүргізіп келеді. Ауыл жастары имандылық сауапты істерге белсене атсалысып, Бекен ұста мешітіне қамқорлық көрсетіп отырады.

Бағзад Нұртайқызы,
жергілікті тілші.

ДИНИ ХАТТАР

«Егер шүкір етсеңдер (берген игіліктеріме алғыс білдірсеңдер), сендерге оны міндетті түрде арттыра беремін».

«Ибраһим» сүресі, 7-аят

Өмірдің дәл осы сәтін айрықша сезінуге тырыс. Алаңғасарлыққа салынып, асығыстық жасама. Бар болмысыңмен қуана біл және шынайы риза бол. Біз қайғыны толыққанды кешіп, барлық бояуын көреміз де қуанышты сәттің бағасына жете бермейміз. Оның да нәпнәзік, жып-жылы түстері болады. Сол түстерге қаныға біл және осындай көркемдікті жарата білген Раббыңа дұға жаса: Я, Раббым, сен – Муссауирсің – әр нәрсені көркем бенелейсің, сол көркемдікті маған да көруге мүмкіндік берші...

«... Қайғырма, Алла бізбен бірге...».

«Тәубе» сүресі, 40-аят.

Адамның қанаты қайрылып, ашық аспанын бұлт басатын сәттер көп. Өз қалағаныңдай болмай, өзіңе ұнаған іс жүзеге аспай, көңіліңді кір шалғанда бұл сәттердің де өткінші екенін ұмытпа. Қайғыдан қайрат шыңдай біл де ішіндегі қуаныштың шырағын өшірме. Бірақ барлығынан арылуға да асықпа. Өзіңмен өзің қалып, өз ішіндегі үнге құлақ ас. Сабыр етіп Жаратушыңнан жәрдем тіле: Я, Раббым, сен — Хабирсың — бәрінен хабардарсың, мені мына күйден көркем түрде арылтқайсың. Өз күйімді толық сезініп, бірақ жұтылып кетпей, жақсы күндерге жетуіме мүрсат бергейсің...

«Алланың рақымынан үміттеріңді үзбеңдер! Расында кәпір қауымынан басқа ешкім Алланың рақымынан үмітін үзбейді»

«Жүсіп» сүресі, 87-аят

Өзіңді жаратқан Раббың сені әрдайым тыңдауға дайын екенін ұмытпашы. Үмітіңді үзбеші!.. Ескіден қалған бір мысал бар. «Бір адам қателесті. Күйзеліске ұшырайды. Көк аспан Раббысына жалынып «Ұа, Раббым, мен оның үстіне найзағай болып түсейін!..» - деді. Қара жер болса «Мұндай адам кеудемді басып жүрмеуі керек! Оны жұтып алайыншы?!» - деп сұрады. Теңізбен мұхит «Топан суымен басып түп-тұқиянымен құртсам қайтпеді?!» - деді. Ал оны жаратқан Раббысы болса «Оны жайына қалдырыңдар!.. Дәл мөңдей махаббаттарыңды бөліп жаратқан болсаңдар олай айтпайтын едіңдер!..» - деді. Міне, сен шаршасаң да болмысыңды тазартып алу үшін Жаратқаныңа бет бұр. Ол саған міндетті түрде күш береді... Ол сенің қателігіңді де, айыбыңды да кешіреді және шаршауыңды басады... Ол сені жақсы көреді...

Әзірлеген: Е.ӘМІРЕ

Перечень земельных участков, выставляемых на конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства из земель запаса Баянаульского района Павлодарской области

Лот №	Характеристика земельного участка	Площадь, га					Срок аренды (лет)	Место расположения земельного участка
		всего	пастбища	Пастбища КУ	пашня не орошаемая	прочие		
1	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет -10	325,5	295,3		30	0,2	20	Аксанский сельский округ -12 км
2	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет -12	616,2373	614,2373			2,0	20	Карато-марский сельский округ -4 км
3	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет -11	58,5	58,5				20	Кунды-кольский сельский округ -7,3 км
4	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет -11	75,7	73,2			2,5	20	Кунды-кольский сельский округ -10 км
5	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет -11	51,0	50,9			0,1	20	Кунды-кольский сельский округ -10 км
6	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет -11	263,9	262,9			1	20	Кунды-кольский сельский округ -30 км
7	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет -10	53,6	53,0			0,6	20	Куркелинский сельский округ -20 км
8	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет -8	1251,9	1247,9			4,0	20	Кызылтауский сельский округ -25 км
9	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет -8	224,9	198,7			26,2	20	Кызылтауский сельский округ -8 км
10	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет -8	1037,5	1035,7			1,8	20	Кызылтауский сельский округ -25 км
11	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет -8	115,15	112,45			2,7	20	Кызылтауский сельский округ -15 км
12	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет -8	587,6010	585,0010			2,6	20	Кызылтауский сельский округ -15 км
13	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет -8	255,8959	255,0000			0,8959	20	Кызылтауский сельский округ -17 км
14	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет -8	1503,5	1159,4	340,9		3,2	20	Кызылтауский сельский округ -16 км
15	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет -9,0	130,9	129,9			1	20	Сатпаевский сельский округ -30 км
16	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет -12,0	2008,98	2006,28			2,7	20	Узунбулакский сельский округ -11 км
17	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет -12,0	1502,8	1497,8			5,0	20	Узунбулакский сельский округ -21 км
18	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет -10,0	340,8	340			0,8	20	Жаназольский сельский округ -8 км
19	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет -10,0	1018,3299	1012,5299			5,8	20	Жаназольский сельский округ -6 км
	Итого	11422,69	10988,7	340,9	30	63,0959		

- 1) заявка на участие в конкурсе;
- 2) конкурсное предложение;

По истечении тридцати календарных дней со дня первой публикации извещения о проведении конкурса (18.09.2025-17.10.2025гг.) начинается прием заявок на участие в конкурсе.

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе осуществляются в течение пятнадцати рабочих дней (20.10.2025-10.11.2025гг.) со дня начала приема заявок по адресу: ул Сатпаева 49 с.Баянаул, Баянаульский район, Павлодарский область, тел:87184092891.

Заявка на участие в конкурсе подается на бумажном носителе нарочно либо по почте или посредством веб-портала «электронного правительства» в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об информатизации» до окончания срока представления заявок.

11. Заявка на участие в конкурсе должна содержать сведения, указанные в пункте 9 статьи 43-1 Земельного кодекса.

12. Конкурсное предложение, за исключением предоставления земельного участка для ведения аквакультуры, содержит:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая Правил рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), и Правил рационального использования пастбищ, утвержденных Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 апреля 2017 года № 173 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 15090), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

12-1. Конкурсное предложение для ведения аквакультуры (далее – конкурсное предложение) содержит:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, объем выращивания объектов аквакультуры, наличие соответствующей инфраструктуры и оборудования для ведения аквакультуры, квалифицированных специалистов в области аквакультуры, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан и законодательства Республики Казахстан в области аквакультуры.

12-2. Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

13. Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».

14. В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

15. В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и «Не вскрывать до: «___» года» (указывается точная дата).

16. Заявка на участие в конкурсе, не соответствующая требованиям пункта 9 статьи 43-1 Земельного кодекса, подлежит отклонению. Вскрытие конвертов состоится 11 ноября 2025 года в 11:00 часов, по адресу ул Сатпаева 45 с.Баянаул, Баянаульский район, Павлодарский область (актовый зал).

23-2. Лицам, проживающим в данном районе, городе, селе, поселке не менее 5 лет, предоставляется преимущество в виде присвоения дополнительных 10 баллов к их конкурсным предложениям. Сельскохозяйственным кооперативам предоставляется преимущество в виде присвоения дополнительных 5 баллов к их конкурсным предложениям.

ГУ «Отдел земельных отношений Баянаульского района»

ПРОДАМ!!!

Постельный комплект от фирмы «ЛИОРА», оригинал, гипоаллергенный, не скатывается, не линяет, качество шикарное. Размер полуторка – цена 5000 тенге, двухспальная – 6000 тенге. Контактный телефон: 87711343287



ОБЪЯВЛЕНИЕ

Нотариус нотариального округа Павлодарской области Оразбаев А.Ж., лицензия № 24020441 от 06.06.2024 года, сообщает об открытии наследства, оставшегося после смерти **Мурзабаева Рымбека**, умершего 15.04.2025 года. Тел. нотариуса: 87713132882

ТҮСІНДІРМЕ

ҚАУІПСІЗДІК АПТАЛЫҒЫ АЯСЫНДА

«Қауіпсіздік апталығы» аясында Баянауыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі Ш.Шөкин атындағы №2 және З.Ақышев атындағы №3 жалпы орта білім беру мектептерінде бастауыш сынып оқушыларымен өрт қауіпсіздігі қағидалары туралы ашық сабақ өткізді.



Еліміздің болашағына үлкен жетістіктер әкелетін жас ұрпақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – біздің парызымыз.

Диас Сейтқазы,
Баянауыл аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты



Оқушыларға төтенше жағдайда дұрыс іс-әрекет жасап, үрейге бой алдырмай дұрыс шешім қабылдау жайлы нұсқама жүргізілді. Сонымен қатар мектеп оқушылары мен оқытушы құрамның өрт болған жағдайда қауіпсіз орынға жедел эвакуациялану бойынша оқу жаттығу өткізілді. Бұл жаттығу толық дайындық деңгейін арттыру мақсатында және төтенше жағдайға төтеп беру үшін тұрақты негізде орындалатын іс-шара болып табылады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«GOLD Generation» ЖШС Павлодар облысында 2020 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі берген №978-EL лицензиясы бойынша алаңда қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша өзгерістер мен толықтырулармен қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Әсер етуі мүмкін аумақ: Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Ақмектеп ауылы.

Учаскенің географиялық координаттары:

Солтүстік ендік: 1. 51° 03' 00"N; 2. 51° 03' 00"N; 3. 51° 02' 00"N; 4. 51° 02' 00"N;

Шығыс бойлық: 1. 76° 26' 00"E; 2. 76° 28' 00"E; 3. 76° 28' 00"E; 4. 76° 26' 00"E.

Тыңдау 30.10.2025ж. сағат 15.00-де Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Ақмектеп ауылы, Жаяу Мұса көшесі, 13/2, сайлау комитетінің ғимараты мекенжайында өтеді. Өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз болуы қажет.

Сондай ақ қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференциялар арқылы онлайн режимінде қолжетімді болады: <https://us05web.zoom.us/j/89273556018?pwd=ZlJEOtao00u4Be6bv9bCLbnAJeA8X3.1>.

Конференция идентификаторы: 892 7355 6018. Кіру коды: 9aAYRg.

Тапсырыс беруші-бастамашы: «Gold Generation» ЖШС, ҚР, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 60А үй, 2 корпус, 15 пәтер, 201040029834, 87073157890.

Жобалық құжаттамамен ҰБД ҚОЖ және ТР сайтында танысуға болады <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/?lang=ru>.

Қосымша ақпаратты жобаны әзірлеушіден алуға болады: Астана қаласы «ЭкоОптимум» ЖШС, Б.Момышұлы даңғылы, 12, «Меруерт-Тау» БО, 202 кеңсе, тел. 87787105885.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар сайтта қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады ndbecology.gov.kz, сондай-ақ, «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары» ММ, email: unosvr@mail.ru, тел: 8-7182-32-16-81.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «GOLD Generation» проводит общественные слушания по Отчету о возможных воздействиях к плану разведки твердых полезных ископаемых на площади по лицензии №978-EL выданное Министерством индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 20 ноября 2020 года в Павлодарской области с изменениями и дополнениями». Территория, на которое может быть оказано воздействие: Павлодарская область, Баянаульский район, село Акмектеп.

Географические координаты участка:

Северная широта: 1. 51° 03' 00"N; 2. 51° 03' 00"N; 3. 51° 02' 00"N; 4. 51° 02' 00"N;

Восточная долгота: 1. 76° 26' 00"E; 2. 76° 28' 00"E; 3. 76° 28' 00"E; 4. 76° 26' 00"E.

Слушания состоятся 30.10.2025г. в 15.00ч. по адресу Павлодарская область, Баянаульский район, село Акмектеп, ул. Жаяу Муса, 13/2, здание избирательного комитета. При себе необходимо иметь удостоверение личности.

Также общественные слушания будут доступны в режиме онлайн посредством видеоконференцсвязи на платформе ZOOM: <https://us05web.zoom.us/j/89273556018?pwd=ZlJEOtao00u4Be6bv9bCLbnAJeA8X3.1>.

Идентификатор конференции: 892 7355 6018. Код доступа: 9aAYRg.

Заказчик-инициатор: ТОО «GOLD Generation», РК, город Астана, пр.Қабанбай батыр, д. 60А, корпус 2, кв. 15, 201040029834, 87073157890.

С проектной документацией можно ознакомиться на сайте НБД СОС и ПР <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, а также на сайте Управление недропользования, окружающей среды и водных ресурсов Павлодарской области: <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/?lang=ru>.

Дополнительную информацию можно получить у разработчика проекта: ТОО «ЭкоОптимум» г.Астана, пр. Б. Момышұлы, 12, БЦ «Меруерт-Тау», офис 202, тел. 87787105885.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте ndbecology.gov.kz, а также в ГУ «Управление недропользования, окружающей среды и водных ресурсов Павлодарской области», email: unosvr@mail.ru, тел: 8-7182-32-16-81.



**«Баянтау» газетінің
редакциясы ЖШС**

Директор:

Айдана Тұрғынбайқызы
АЙТУФАНОВА
8-702-179-10-87

Редакция автордың көзқарасы үшін жауап бермейді. Хаттар, қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарға тегіс жауап беруді және түгел жариялауды міндетіне алмайды. «Баянтауда» жарық көрген материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан фотосуреттер пайдаланылады. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2006 жылы 18 мамырда тіркеліп, №7250-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күні шығады.
Таралымы: 1600 дана
Көлемі: 2 б.т.

Газет «Баянтау» газетінің редакциясында теріліп, беттеліп, «Баспа үйі» ЖШС баспаханасында басылады.

Баспа мекен-жайы: Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй.

Газеттің сапасы мен уақытында шығуына баспахана жауап береді.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы,
Баянауыл ауылы,
Сәтбаев көшесі, 49-үй,
Жұмыс тел: 9-28-37
Эл. пошта: redakciyabayantau@mail.ru
Instagram: @bayantau_gazeta
Facebook: Баянтау газеті

ҚҰТТЫҚТАУ

Туған күніңіз
құтты болсын!

Құндыкөл ауылының тұрғыны,
аяулы анамыз

Бибігүл Қожахметованы
туған күнімен құттықтаймыз!

Кең пейілді, жаны жұпар, жанұямызға жылу болған анамызға он сегіз мың ғаламның жақсылығын, дүниенің шуағын, өмірдің қызығын, жүрегіне Алланың нұрын тілейміз. Өмірдің көзге көркемдік сыйлайтын сәулеті, ал әулетіміздің дәулеті болғайсыз. Басыңыздан бақ таймасын, шаңырақтан шаттық әні үзілмесін. Денсаулығыңыз қуатты, ғұмырыңыз шуақты болсын. Әкем екеуіңіз ұзақ ғұмыр кешіп, ортамызда аман-есен жүре беріңіздер. Немерелеріңіз көбейіп, ұрпақтарыңыздың қызығы мен қуанышын көруге жазсын.

**Ізгі тілекпен, балалары,
келіндері, немерелері**

БОС ОРЫНДАР ЖӘРМЕҢКЕСІ

ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАМЫЗ!

Павлодар облысы ПД Баянауыл ауданы полиция бөлімі ІІО қызметке қызметкерлер қабылдайды. Жұмыс ұсынушы мекеменің ұсыныстары:

- тұрақты және уақытылы жалақы;
- ведомстволық медициналық мекемелерде тегін медициналық қызмет көрсету, оның ішінде отбасы мүшелеріне, сондай-ақ ведомстволық санаторияларда жеңілдікпен санаториялық-курорттық қызмет көрсету;
- қызмет ету мерзіміне байланысты жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы 30-дан 45 күнтізбелік күнге дейін;
- жыл сайынғы еңбек демалысы кезеңінде, сондай-ақ емделуде болған кезеңде жалақы толық көлемде сақталады;
- Қазақстан Республикасы ІІМ ведомстволық оқу орындарында жоғары білім алу мүмкіндігі;
- полиция қызметкерлері лауазымдық жалақыдан және арнайы атақ үшін жалақыдан тұратын ақшалай қаражат алады;
- барлық қызметкерлерге ай сайын коммуналдық қызметтер үшін өтемақы төленеді;
- қызметкерлер тегін нысанды киім-кешекпен қамтамасыз етіледі;

- 25 жыл еңбек өтілі бойынша зейнеткерлікке шығу мүмкіндігі.

Төмендегі лауазымдарға қызметкерлер қабылдаймыз:

- Учаскелік полиция инспекторының көмекшісі;
- Мемлекеттік авто инспектор;
- Патрульдік полиция қызмет инспекторы;
- Қару-жарақ қоймасының меңгерушісі;
- Жедел уәкіл;
- Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы;
- Табиғатты қорғау полициясы тобының инспекторы.

Үміткерге қойылатын талаптар:

- ҚР азаматтығы;
- 18 жастан 35 жасқа дейін;
- ҚР ҚК қызметі (қатардағы құрам лауазымдарына);
- Орта білімнен төмен болмауы;
- Ер адамдарға бойы – 165 см, әйелдерге бойы – 160 см төмен емес;
- Қызметке орналасу бойынша Баянауыл ауданы Сәтбаев көшесі, 28 мекенжайына хабарласуға болады.

Байланыс телефондары: 8-718-40-9-12-53, 87055434196, 87021020002

**Баянауыл аудандық
Полиция бөлімі**

БАЙҚАУ

ӘКЕ МЕН БАЛА ӨНЕРІН ТАМАШАЛАДЫ

Президент Жарлығымен қыркүйек айының екінші жексенбісі – Отбасы күні. Осыған орай 15 қыркүйек күні аудандық С.Торайғыров атындағы мәдениет үйінде «Әке мен бала» атты байқау ұйымдастырылды. Байқаудың басты мақсаты – әкенің отбасы тәрбиесіндегі ролін дәріптеу, жас ұрпақты еңбекке, өнерге, ұлттық салт-дәстүрге баулу.

Аудан бойынша 8 ауылдық мәдениет үйлері мен клубтарының атынан тіркелген әкелер мен балалар арасынан 8 жұп сынға түсті. Байқау үш кезеңнен өтіп, қатысушылар өнерлері мен тапқырлықтарын ортаға салды. Байқаудың бас жүлдесін Майқайың кентінен қатысқан Нұрсұлтан Әбдіхалықұлы Нұрисламмен иеленді. Бірінші орынға Ақсан ауылының өнерпаздары Кенжебай Асылбеков пен ұлы Жандос лайық деп танылды. Екінші орын Бірлік ауылының қатысушылары Ерлан Сәбит пен баласы Еркөкшеге бұйырса, Үшінші орынға Жаңажол ауылынан келген ақындар әулеті Тілек Сейітов пен ұлы Нұртілеу ие болды. Сонымен қатар, байқауға белсенді қатысқан Қаражар ауылынан Рашид Закенов пен Ерасыл Елубай, Ұзынұлақ ауылынан Ерхан Бабаһ пен Қайрат Сейітжан, Құндыкөл ауылынан Абзал Ахаев пен Айбар Жанат, Егіндіұлақ ауылынан Қазыбек Жолдыбаев пен Ердоһ Болатов Алғыс хаттармен марапатталды. Барлық жеңімпаздар мен қатысушыларға ақшалай сыйлық сертификаттары табысталды.

Мерейім ЖАСҰЛАНҚЫЗЫ

